

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

грамотности будущего учителя, что, в свою очередь, является отражением мегатренда экологизации современного образования.

### Библиография

1. Демиденко, Э.С. Мегатренды в социоприродном развитии мира и в трансформации биосферной жизни // Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. Серия: Гуманитарные и общественные науки. 2015. №6. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/megatrendy-v-sotsioprirodnom-razvitii-mira-i-v-transformatsii-biosfernoy-zhizni> (дата обращения: 08.04.2022)
2. Лапченко, Н.Н. Социально-философский анализ информатизации техногенного общества: автореф. дис. ... канд. филос. наук. М., 2011
3. Ашмарина, С.И., Кандрашина, Е.А., Измайлов, А.М. Мировые мегатренды, тенденции и их влияние на систему образования России // Тренды и управление. 2017. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovye-megatrendy-tendentsii-i-ih-vliyanie-na-sistemu-obrazovaniya-rossii> (дата обращения: 10.04.2022).
4. Иванов, С.А., Ворошилова, Т.А. Современное экологическое образование: от эгоцентризма - к ноосферному мировоззрению // Образование и наука. 2010. №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-ekologicheskoe-obrazovanie-ot-ekotsentrizma-k-noosfernomu-mirovozzreniyu> (дата обращения: 10.04.2022)
5. Блинников, В.И. Экоцентрический подход в эколого-педагогическом образовании будущего учителя: автореферат дис. ... доктора педагогических наук: 13.00.02, 13.00.08 / Моск. гос. обл. ун-т. - Москва, 2004. - 44 с.
6. Коваленок, Н.В. Социально-ориентированное экологическое образование студентов: автореферат дис. ... кандидата педагогических наук : 13.00.01 / Краснояр. гос. пед. ун-т. - Красноярск, 2003. - 25 с.
7. Масленникова, Н.Н. Профессионально-ориентированная экологическая подготовка студентов технического вуза: диссертация ... кандидата педагогических наук: 13.00.08 / Масленникова Н.Н. [Место защиты: Казан. гос. технол. ун-т]. - Елабуга, 2010. - 299 с.

### КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІНІҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**Иниятова Айдана Ерболатовна**

8D01823 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламасы,  
2 курс докторанты

**Сламбекова Толқын Сламқуловна**

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

**Муталиева Ардақ Шағайқызы**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема кибербуллинга, нового типа преследования, возникшего с развитием технических средств и проникновением компьютеров и мобильных телефонов среди школьников и молодежи. Анализируются зарубежные и отечественные труды, изучаются отличия и последствия кибербуллинга от традиционного буллинга;

**Ключевые слова:** «традиционное преследование», «запугивание», «тролли», «булли», «мобберы», «буллинг», «кибербуллинг», «интернет-троллинг», «электронная агрессия»;

**Abstract.** This article deals with the problem of cyberbullying, a new type of harassment that has emerged with the development of technical means and the penetration of computers and mobile phones among schoolchildren and young people. Foreign and domestic works are analyzed, the differences and consequences of cyberbullying from traditional bullying are studied, and definitions are given.

**Key word:** traditional harassment, trolls, bullies, mobbers, bullying, cyberbullying, Internet trolling, electronic aggression;

Кибербуллинг - бұл агрессивті әрекет, қасақаналық, ғаламтор арқылы орын алатын дәстүрлі қудалаудың жанама түрі. Осы негізге сүйене отырып, кибербуллинг жеке адамдарға, қоғамға және қоршаған ортаға әсер ететін қылмыстың неғұрлым кең таралып жатқан түрі.

Қазіргі кезде кибербуллинг әлемдегі көптеген білім беру ұйымдарында әлеуметтік қудалау мәселесіне айналған. Жаңа коммуникациялық технологияларды әлеуметтік және экономикалық жағдайлармен байланыстырудан басқа, жасөспірімдер мен жастар арасындағы қарым-қатынаста қудалаудың түрлі жолдарының пайда болуына әсер етіп жатқандығын көрсетуде.

Мектеп оқушылары арасындағы қорқыту мен қудалауға қатысты халықаралық зерттеулер негізінен төрт уақыт кезеңін қамтиды [1].

1970-1980 жылдар аралығында оны жүйелі түрде зерттеу басталды, норвегиялық зерттеуші Ольвеус өзінің «Aggression in School: Bullies and Whipping Boys» кітабында осы мәселені талдауы негіз болды [2].

Кейінірек, 1980 жылдары, алдыңғы зерттеуден кейін «Қорлаудың алдын-алу» сияқты бағдарламалар жасалынды [3].

1990 жылдан бастап 2004 жылдың ортасына дейін қорқыту, қорлау туралы зерттеулер халықаралық деңгейдегі сипатқа ие болды [4], ал 2004 жылдан бастап киберкеңістікті шабуылдар орын алатын жаңа орта ретінде арнайы оны сипаттайтын «киберқастандық», «кибербуллинг» атты терминдердің атауы пайда болды.

Көбінесе «тролльдер», «булли» немесе «мобберлер» деп аталатын бұзақылық әрекеттерді жасайтын адамдар жасырын әрекет етеді. Сондықтан жәбірленуші агрессивті әрекеттердің кімнің тарапынан туындайтынын білмейді.

Мектептерде оқушылардың зорлық пен қатігездікке баруын зерттеу әлдеқашан ерте басталған. Соның бірі К.Дюкстің 1905 жылы жарық көрген еңбегі. Оның жалғасы ретінде бұзақылық мәселесіне қатысты алғашқы жүйелі зерттеулермен Скандинавия елдерінің ғалымдары Д.Ольвеус, Э.Роланд, П.П. Хейнеман, А. Пикас айналысқан. Яғни, скандинавиялық ғалымдар мектептегі қорқыту мәселелерін бірінші болып ХХ ғасырдың басында зерттей бастаған.

Д.Ольвеус қорқыту дегенімізді: «Жеке адамға немесе белгілі топқа зиян келтіруге немесе әлімжеттікке бағытталған кез-келген теріс әрекет» деп анықтама берген. Д. Лейн мен Э. Миллер қорлау дегенімізді саналы түрде бір немесе бірнеше топ балалар тарапынан біреуге (басқа балаларға) физикалық немесе әлеуметтік-психикалық тұрғыдан қатыгездік танытуы деп көрсеткен.

Мектеп жасындағы балалар арасындағы қатыгездік пен қудалаудың көрінісі алуан түрлі: зиянсыз болып көрінетін іс-әрекеттер мен әзілдерден бастап қудалау мен қорқытуға дейін баруы, оның салдары адам өлімі мен суицидке дейін апаруы мүмкін. Мұндай қорқыту, кемсіту, қудалау әрекеттері буллинг деп аталады.

Скандинавиялық ғалымдардың зерттеулерінен кейін Ұлыбритания ғалымдары қудалау мәселесіне қызығушылық таныта бастаған. Оның арасында: Д.А. Лейн, В. Т. Ортон, Е. Мунте, Д. П. Татума т.б. зерттеулері ерекше орын алған.

Кибербуллинг туралы зерттеулер мен теориялық дәлелдер көбінесе дәстүрлі қорлау тұжырымдарына негізделгеніне қарамастан, кибербуллинг дәстүрлі қорлаудан айтарлықтай ерекшеленеді. Массачусетс агрессияны азайту орталығы (MARC) оқушыларға жүргізген

зерттеуі нәтижесінде әдеттегі қорлау мен кибербуллингке барудың негізгі айырмашылықтары мен байланыстарын сипаттап көрсетеді [5].

Мысалы: күнделікті мектепте әлсіз оқушыға басқа балалардың тарапынан әлімжеттік, агрессияның әртүрлі түрлері жасалуы мүмкін. Оған қарсы келуге қорыққан, өзін қорғай алмаған бала, кек алу мақсатында ғаламтордың түрлі мүмкіндіктерін және анонимділікті пайдалана отырып жауап қайтаруы мүмкін. Яғни, бұл жерде жасалған буллингке кері кибербуллинг әрекетімен жауап беру арқылы, екеуінің байланысын көрсетіп отыр.

Е. Энгландер АҚШ Қауіпсіздік жөніндегі ұлттық конференцияда 2007 жылы жарияланған «Кибербуллинг туралы түсінік» атты зерттеуінде кибербуллингті оппортунистік қылмыс ретінде сипаттайды, өйткені ол физикалық өзара әрекеттесусіз зиян келтіреді, және арнайы жоспарлауды қажет етпейді және ұсталу қаупі сирек және жиі жазаланбауы мүмкін делінген [6].

Жалпы алғанда, Ковальский, Митчелл, Финкелхор т.б. зерттеулері анықтағандай кибербуллингтің құрбаны болған адамдардың кем дегенде 40-50%-ы қылмыскердің жеке өзін біледі дейді.

Сондықтан, анонимділік кейбір адамдарды қорқыту үшін электрондық құрылғыларды қолдануға мәжбүр етуі мүмкін, бірақ көптеген киберлер анонимділік мүмкіндігін пайдаланбайтындығы анықталған.

Анонимділіктен басқа, кибербуллингті дәстүрлі қорқытудан концептуалды түрде ерекшелетін басқа да мәселелер бар. Олай деп айтуымыздың себебі, арнайы осы тақырыпта зерттеп жүрген С. Хиндужа мен Дж. Патчин кибербуллингтің пайда болуы арнайы мектеп оқушыларын электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында қадағалаудың болмауы және ақпараттық сауаттылықтың жоқтығымен деп байланыстырған.

Зерттеуші В.Роджерс мектеп оқушыларын кибербуллингтен қорғау бағыттары бойынша еңбектер жазып, кибербуллингке барудың себептерін атап көрсеткен. Онда, кибербуллинг қылмыскерлерге жеке басын жасыруға мүмкіндік береді, ол іс жүзінде «анонимді» деп аталады және олар ұсталмаймын деген сеніммен өздерін қауіпсіз сезінеді делінген.

Сонымен қатар, іс-жүзінде емес ғаламтор арқылы зиян тигізген жағдайда да тез ұмытатындығын, өзін кәнілі сезінбейтіндіктерін айтқан. Екінші жағынан, олар зардап шеккендердің жағдайын көзбен көрмейді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл құрбандарды адамдарға сене алмайтындай етіп қорқынышты күйге түсіріп қоюы немесе өлімге итермелеуін шынайы өмірдегідей көрмейді, сондықтан жасаған зиянды іс-әрекеттеріне өкініш сезімдері оянбайды. Зерттеулерден байқағанымыздай кибербуллингті зерттеуші ғалымдар оны әр жақты зерттеп, дәстүрлі қудалау мен буллингтен айырмалығы мен байланысын көрсетіп, түрлі анықтамалар берген.

Сондықтанда 2004 жылдан бастап осы терминнің пайда болуымен бірге шетел еңбектерінде берілген тұжырымдалық анықтамалардың негізгілеріне тоқталып өтсек:

Кесте-1. Шетелдік ғылыми зерттеулерде кибербуллинг ұғымына берілген тұжырымдамалық анықтамалар

<b>Финкелхор (2000)</b>	«Интернеттегі қудалау: жастарға интернет арқылы жіберілген немесе интернет желілерде жәбірленуші туралы жарияланған қорлау немесе басқада қауіпті әрекеттер»;
<b>Ибарр және Митчелл (2004)</b>	«Ғаламтор арқылы басқа адамға ашық, қасақана жасалған агрессивті әрекет»;
<b>Уиллард (2007)</b>	«Интернетті немесе басқа сандық байланыс құрылғыларын қолдана отырып қорқыту немесе зиянды мәтіндерді, суреттерді жіберу болмаса орналастыру»
<b>Смит</b>	«Ұжымның немесе жеке адамның электрондық байланыс

<b>(2008)</b>	нысандарын қолдана отырып әлсіз, өзін дұрыс қорғай алмайтын адамға бірнеше рет немесе ұзақ уақыт бойы қасақана жасайтын агрессивті әрекеті»
<b>Джувовен және Гросс (2008)</b>	«Біреуді қорлау немесе қорқыту үшін интернетті немесе басқа да байланыс құрылғыларын пайдалану»
<b>Ли (2008)</b>	«Электрондық пошта, ұялы телефон, жеке сандық көмекші (PDA), жедел хабар алмасу немесе бүкіләлемдік ғаламтор сияқты электрондық байланыс құралдарымен қудалау және қорқыту»
<b>Патчин және Индуджа (2006)</b>	«Электрондық құрал арқылы қасақана және бірнеше рет келтірілген зиянды әрекет»
<b>Слонье және Смит (2007)</b>	«Қазіргі заманғы технологиялық құрылғылардың, атап айтқанда ұялы телефондардың немесе интернет арқылы зиян тигізетін агрессивтік мінез-құлық»
<b>Бесли (2009)</b>	«Жеке адамның немесе топтардың басқаларға зиян келтіруге бағытталған қасақана, қайталанатын және біреудің қастық әрекеттерін қолдау мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануы» [7].

Берілген анықтамаларға қарап отырсақ, агрессия кибербуллингтің негізгі сипаттамасы ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, кибербуллар өздерінің құрбандарына тролльге ұқсас қорлайтын немесе агрессивті қудалаушы әрекеттер жасайды. Сондықтанда оны кейбір зерттеулер кибершабуыл агрессия емес, электрондық агрессияның бір түрі деп көрсеткен.

Электрондық агрессия - бұл кең мағынадағы термин. Сондықтанда 2012 жылы Пызальский кибербуллингті электронды агрессияның бір түрі ретінде жіктеуге болады деген тұжырым жасады. Осыған сәйкес, кибербуллингтің ашық және инструменталды агрессиядан айырмашылығы бар екенін және агрессияның жаңа түрі ретінде пайда болғандығын жеткізген. Ал, Мехари мен Фаррелл зерттеу нәтижелеріне қарай оны физикалық, вербальды және реляциялық агрессияның аналогы ретінде қарастыруға болатындығын атап өткен.

Басқада ғалымдар кибербуллинг пен агрессия арасындағы байланысты зерттейді. Мысалы, Токунага 2017 жылы «Теорияға өту: кибербуллинг, агрессия, әлеуметтік дағдылар мен интернетті тиімді етудің интеграцияланған моделін тексеру» атты еңбегінде кибербуллинг қылмысы ауызша агрессиямен тығыз байланысты болатындығын анықтаған [8].

Және де тағы бір зерттеу көрсеткендей, агрессия туралы нормативтік идеялар кибербуллингпен немесе электронды агрессиямен байланысты деп көрсеткен. Осылайша, агрессияның әртүрлі формаларының шартты әсерлері зерттеліп қарастырылған.

Біздің елімізде соңғы уақытқа дейін мектептегі қудалау немесе кибербуллинг ұғымы жеке мәселе ретінде зерттелмеген. Қазақстанда бұл мәселеге мән берушілік әлеуметтік желілерде, басылымдарда соңғы жылдары пайда бола бастаған.

И. Конның айтуынша, мұндай жағдай елдің экономикалық әлсіз немесе әлеуметтік тұрақсыз болуынан емес, халықтың зорлық немесе қатігездікке деген шыдамдылығынан деп көрсеткен [9].

Қазақстанда Халида Әжіғұлова Ұлыбритания, АҚШ және Ресейдің буллинг пен кибербуллингтің айырмашылығын және онымен қарсы күрестегі үздік тәжірибесін зерттеп, соның негізінде қазақ және орыс тілінде оқу құралдарын дайындаған.

Р.М.Ковальски, С.Р.Лимбер, П.В. Агатстон кибербуллингтің алдын алмаса, оның әрекетінен туындаған әсер жасөспірімдерге және олардың болашағына орасан зор зиян тигізуі мүмкін деген. Әсіресе, физикалық және психикалық тұрғыдан дамып жетілуінде,

әртүрлі проблемаларға, мысалы, мазасыздық, депрессия, стресс, жалғыздық және суицид әрекеттерін бастан кешіру қаупі, сонымен қатар әлеуметтік оқшаулануға, өзін-өзі бағаламауға [10] т.б салдарларға алып келеді.

Сондықтан да кибербулинг проблемасын білім алушылар арасында төмендетуде, әлеуметтік ахуалды жақсартуда, арнайы әлеуметтік мамандарды дайындап, ұлттық деңгейде кешенді стратегиялар мен алдын алу бағдарламалары, жоғары ақпараттандыру, сондай-ақ кибербуллинг құрбандарына қолдау көрсету жобалары мен қызметін дамыту аса маңызды.

### Әдебиеттер

1. Стикл Хауген, Дж Саттер, Тинстман Джонс, Джилл; Кэмпбелл, «Мектеп аймағында бұзақылыққа қарсы саясат: Мемлекеттік мазмұнды талдау», 2019, 1-15.
2. Olweus, D. Bully, «Жәбірленушінің мектептегі проблемалары» 1996, 26, 331–359. [ Google Scholar ] [ CrossRef ]
3. Olweus «қорқытуының алдын алу бағдарламасы» (OBPP).  
: [http://www.violencepreventionworks.org/public/olweus\\_bullying\\_prevention\\_program.page](http://www.violencepreventionworks.org/public/olweus_bullying_prevention_program.page) (4 сәуір, 2020).
4. Нанн, К.П Дж. «Бала денсаулығы» 2010, 46, 140–141. [ Google Scholar ] [ CrossRef ]
5. Барлетт, С; Чемберлин, К; Уиткаур. З; Ересектердегі жаңа пайда болып келе жатқан киберқауіптіліктің жасалуын болжау: Барлетттің басқа ұлттарға арналған кибербуллинг моделінің теориялық сынағы. Агрессия. Бехав. 2016, 43, 147–154. [ Google Scholar ] [ CrossRef ];
6. E.K. Englander «Bullying and Cyberbullying: What Every Educator Needs To Know» 2013;
7. Smith, P. K., Mahdavi, J., Carvalho, M., Fisher, S., Russel, S., & Tippett, N. (2008). Cyber bullying: Its nature and impact in secondary school pupils. *Journal of Child and Psychiatry*, 49, 376–385.
8. Robert S. Tokunaga «Following you home from school: A critical review and synthesis of research on cyberbullying victimization» *Computers in Human Behavior* 26 (2010) 277–287;
9. Кон И. С. Что такое буллинг и как с ним бороться? 2006. URL: <http://sexology.narod.ru/info178.html>
10. Kowalski, R. M., Limber, S. P., & Agatston, P. W. (2011). *Cyberbullying: Bullying in the digital age* (2nd ed.). Chichester: Wiley-Blackwell.

### ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ И ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ «АРТ-ТЕРАПИИ» В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ

**Какабаева Динара Сериковна**

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  
[dinara\\_s.82@mail.ru](mailto:dinara_s.82@mail.ru)

**Кошанова Мараш Толегеновна**

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  
[marash.koshanova70@mail.ru](mailto:marash.koshanova70@mail.ru)

**Аннотация.** В данной статье рассматривается теоретический анализ и история возникновения «арт-терапии» в психолого-педагогической науке. Современная арт-терапия включает в себя не только живопись, рисунок, но и самые разнообразные занятия изобразительного и прикладного характера, направленные на творческое самовыражение, выявление актуальных психологических проблем, активизацию психотерапевтического